

Λ 2006

6519к

Мағаз РАЗДАНҰЛЫ



АТА ЗАМАН СОЙЛЕЙДІ

**Мағаз РАЗДАНҰЛЫ**

**АТА ЗАМАН СОЙЛЕЙДІ**

“Елорда”  
Астана – 2005

ББК Қаз 84 7-44

P 16

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ  
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

**Разданұлы Мағаз**

**P 16** Ата заман сөйлейді. Әңгімелер мен повестер.  
— Астана: Елорда, 2005. — 224 бет.

ISBN 9965-06-410-5

Қытай қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі ақын, жазушы, драматург Мағаз Разданұлының бүл кітабына төрт әңгіме, торт повесі еніп отыр. Жазушының бүл шығармаларында қазақ халқының басынан откен қуанышты да, қайғылы да тағдыр талайы, откен өмірінің тыныс-тіршілігі, Алтай өніріндегі алғашкы орыс-казақ қатынасы көркем тілмен шебер баяндалған. Бірлікті, тыныштықты, ауызбіршілікті тілеген, көшпенді өмір сүрген ата-бабамыздың жан-дүниесіндегі құбылысты автор тарихи оқиғалармен және айшықты образдармен корсете білген.

Қолжазбаны дайындалап, алғы сезін жазған —  
Уақап Қыдырханұлы, Мидхат Разданұлы.

P 4702250201-358  
450(05)-05

ББК Қаз 84 7-44

ISBN 9965-06-410-5

© Разданұлы М., 2005  
© “Елорда”, 2005

## **ҚАСИРЕТТИ ФҮМЫР — ҚАЙСАР ҚАЛАМГЕР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША СӨЗ**

Қытай жазушылар қоғамының, Қытай аз ұлттар әдебистің ғылыми қоғамының мүшесі, Қытай қазақ әдебиетінің көрнекті екілдерінің бірі, әйгілі акын, жазушы, драматург Мағаз Разданұлы 1924 жылы 22 көкекте Шыңжаңың Алтай аймағы Буыршын ауданы, Дулайты ауылында туып, 1998 жылы 3 мамыр күні қайтыс болған.

Ата тегі өр Алтайдағы абақ керейдің жәдік деген тармағынан.

Әкесі Раздан (имам) Қамшыбайұлы заманының көзі ашық, көкірегі данғыл, араб, парсы және түркі тіліндегі кітаптарды еркін оқып пайдаланған аса сауатты адам болған. Ол кісінің жүрт “алтын сандық” деп атаған шағын кітапханасында жоғары медреселерде пайдаланылатын “Мишкатұл масабих”, “Әл Құдри” сияқты энциклопедиялық білім берестін араб тіліндегі кітаптар мен Абайдың, Шәкәрімнің колжазба күйінде тараған шығармалары, “Айқап”, “Шура” журналдары, Ақаңың “Қырық мысалы” мен Міржақыптың “Оян, қазағы” тағы сол сияқты бағалы кітаптар болған. Ол кезде Алтай сахараасындағы жәй қазақтардан бұндай кітаптардың біреуін де көруге болмайтын еді. 1930 жылдар ішінде бұл қазыналар Қажым Жұмалиев құрастырып латын әрпінде басылған “Әдебиет теориясы” деген оқулықпен, Пушкиннің, Габдолла Тоқайдың өлеңдерімен тағы басқа классикалық шығармалармен толыса түскен.

Сол тұста Қазақстаннан ығысып барған Зият Шәкәрімұлы қатарлы зиялыштар да Раздан имаммен жаксы қарым-қатынаста болған. Оның Масығұт, Уақит деген балаларын оқытқан.

Болашақ акын, жазушы Мағаз кішкентайынан осы әкенің тағылымын, осындағы кітаптардың рухын санағына сіңіріп өседі. Ерте сауаттанады. Оны өлең соңына ерткен жас кезінде түгел көшіріп алған Абайдың алғашқы өлеңдер

жинағы еді (1909 жылы Петербурда Кәкіттай Ысқақұлы бастырған нұсқасы қазірге дейін оның үйінде сактаулы).

Мағаз 1938-1940 жылдары Сарсұмбे (қазіргі Алтай) каласындағы мұғалімдер дайындастын мектепте оқып, өз ауылы Дулайтыда оқытушылық қызметпен шұғылданады. Өлеңді 1946 жылдан жаза бастайды да, 1947 жылы аймақтағы “Ерікті Алтай” газетіне қызметке шакырылып, 1957 жылдың соңына дейін сонда тілші және редактор болып міндет өтейді. 1957-1958 жылдары Үрімжіде Қытай жазушылар қоғамы Шыңжаң бөлімшесіндегі (оның органы “Әдебиет және искусство” журналының редакторы болып) қызмет атқарады.

Ақынның 1958 жылы баспаға ұсынған “Кесілген бас” атты алғашқы өлеңдер жинағы саяси сапырылыс себебінен басылмай қалады. Бұдан арғы жиырма жылдық өмірі Қытайдағы солшыл саясаттың кесірінен өте аянышты, ауыр жағдайда өтеді: сол жылы-ақ “жергілікті үлтшыл” деген ат тағылып, бас бостандығынан мүлде айырылады. 1960 жылы ақпанның 28-і күні қолға алынып, Бурылтоғайдағы өзгерту майданына жіберіледі. Ол аз болғандай “мәдениет зор төңкерісі” деген дүлей толқын 1970 жылы тағы да терең орға түсіреді. Ауыр жаламен жиырма жылдық қамақ жазасына үстемелеп кесіліп, қолына көзір, аяғына ауыр кісен салынады. Дәл сол күні түнде төсек салып жатқан “күнәкар” серіктеріне:

“Ер жасып мұңая ма ажырғыға,  
Немене ауыр бейнет сабырлыға,  
Жеті мың үш жұз түннің баста үйқысын  
Жайлап сал, төсегінді абыржым!” —

деп сыйырлап айтып қалады. Осы бір ғана шумақ ел арасына сол кездің өзінде-ақ кең тарарап кетіп еді. Өте қауіпті деп саналған басты “қылмыстылар” қорғаны берік Үрімжінің 1-түрмесіне қамалады. Сол тұста Мағаз айтыпты деген:

“Дүние бір конак жай аз күн түнер,  
Женген де, жеңілген де жерге кірер,  
Шығады шын бағамыз өлгеннен соң  
Не дерін кейінгілер өзі білер” —

деген бір ауыз өлең де елге ақынның өзінен бұрын жетеді.

Осылайша ақынның жиырма жылдық өмірі және өмірінің ең алтын дәүірі (33-54 жас аралығы) тар есік, тас босағада өтеді.

Мағаздың оқытушылық қызмет істейтін жары мен шиеттей бес баласының қаладан қуылып, апарып тасталған ауылда тартқан жапасы өз алдына бір жыр. Әке ретіндегі үрпактар тағдырына жүргегі езілсс де, жалаға бас имей оған да шыдап бақты.

1979 жылы Қытайда “обалды, жалған және қате істерді қайта қару” саяси науқаны басталады да нақақ айыпталған ақын ақталып, түрмеден шығарылады. Бостандық алған ақын туған Алтаймн:

“Сөлем саған, Алтайым,  
Тентегің сонша сағынды.  
Жоғалып кеткен бір тайын,  
Тарландаپ барып табылды” —

деп басталатын өлеңімен табысады. Әуелі аудандық мәдениест үйінің қызметіне, одан Буыршын аудандық саяси кеңес комитетінің орынбасарлығына тағайындалады.

Тордан босаған тарлан өлеңінің тас буылып қалған теңін шешіп, ақындықтың асыл жүгін қара нардай қайта көтереді.

“Асулар толғауы” деген алғашқы жинағы 1982 жылы “Іле халық баспасынан” жарық көреді, “Уақытқа жауап” (1984), “Орталық ұлттар баспасынан”, “Сары бел” (1986) атты өлеңімен жазылған романы, “Ата заман сөйлейді” (1994) атты әңгімелер мен повестер жинағы және “Ертен” (1994) деген өлеңдер жинағы, “Алтайдың ақыншылары” (1998) атты романы, “Босаға” (1998) деген өлеңдер жинағы арт-артынан басылып шығады. Осылайша азаптан соңғы аз ғұмырында жеті кітапты оқырманға мұра етіп қалдырады.

Қарымды қаламгердің “Арман-ай” атты тарихи драмасы, ойлы, отты өлеңдері мерзімдік баспасөзде көп жарияланды. Қырық шакты өлеңі, екі повесть, екі әңгімесі қытай тіліне аударылып басылды.

Қазақстанның “Жұлдыз” журналының 1996 жылғы екінші санында ақынның 27 өлеңі, “Шалқар” газетінде (1993) “Өліп тірілгеннің өмірбаяны” деген повесі жарияланды.

Жазушының “Сары бел” романы 1987 жылы Мемлекеттік сыйлыққа, басқа бірталай өлсіндері мен әңгімелері (өлкелік, облыстық) шығармашылық одақтар сыйлығына ис болды.

\* \* \*

Мағаз Разданұлы қытай қазақ әдебиетінде қара үзіп алға шыққан қаламгер. Жазушының шығармаларындағы халықтық сарын, лирикалық сыршылдық, ой кемелдігі оның өресін дүниежүзілік деңгейге көтерді деуге болады.

Өз халқының тарихи көшірмелерін қалпын құратпай көңіл сандығына сақтаған, далалықтардың дархан мінезін бойына сінірген шешен, шежірсі, аңғарлы ақыл иесі еді.

“Еркін өмірдің қадірін білу керек, өлшемді өмірдің бір күнін мағынасыз откізіп алу — аксүйек болып жұтағапмен бірдей” дейтін еді жас қаламгерлерге.

Жазушының қолыныңдағы бұл кітабы тағы бір қырынан Шыңжан қазактарының этнографиясын, ежелгі тұрмыс-салтын алдыңызға жайып салады. Әсіресс, халықтық құнарлы тілден, тамаша дәстүрден, философиялық ойлау жүйесінен жұтап бара жатқан қазіргі жастарға — ата-бабаң, ата заманың осылай ойлап, осылай сөйлейтін, бұны білуің керсек — деген тағлым береді.

Бұл Мағаз Разданұлының Қазақстан жұртшылығымен бест көрісіп отырған бірінші кітабы.

“Не дерін кейінгілер өзі білер” деген үмітпен дүниеден өткен қаламгердің ендігі төрешісі, құрметті оқырман, ездеріңіз.

**Уақап ҚЫДЫРХАНҰЛЫ,  
жазушы, Республикаға еңбек сінірген қызметкер.  
Мидхат РАЗДАНҰЛЫ, қарт педагог.**

# ӘҢГІМЕЛЕР

## КӨК МАРЖАН

**Н**екен-саяқ атшыларды қоспағанда, үй толы жаның бірсынырасы-ақ өз ойына өзі күпті болып отырған жандар.

Төрдің қақ басында көзі биттеп бір шал отыр. Ақ жағасы күшкін жауырынын түгел жауып алышты. Оның оң жағында күміс кісесі бір жамбасын бір-ак алыш, өз қарынын өзі көтере алмай бір божбан шұбар көлбеп жатыр. Сол жағында актөбе тымағының төбесі шошайып нығызысған бір селдір сақалды отыр.

Оның аяғын ала ақ шытын қаптай тартқан бір ұзын мойынның басы қылтияды. Божбан шұбардың ар жағына таптапал, тістенген бір кемиск сары орналасыпты. Осылардың қарсысында оқалы тонын жамылыш алған, кестелі шалбары бар, күйма тақиялы, сұлу мұрт жастау біреу отыр...

Бұл отырғандарды исі жәнтексейдің игі жақсыларының түгел тобы деуге болмайтындей, өйткені, мұнда тізгін ұстап тұрған мөр иелерінен бірде-біреуінің төбесі көрінбейді.

Есінеу көп, ентігу аз. Төрізі, өлжуаз топтың әлсіз жиыны болса керек.

Қойдан қоныр жәдік нәсілі болса бір сәрі; аптығын қанжығасына байланы жүрстін шақабай ұрандыға мына момындық жараспай-ақ тұр.

Осы топтың осылай тұнжырауына да белгілі себеп бар: желкеге түсіп тұрған салмақ ертең түтін басына шашылар болса, қатыңқы қабақ оңай-ақ жадырап еді. Айналып келіп өздеріне түссе, атай көрмсіз, “Сар ноқтаның” шығынынан да ауыр болмақ. Оның үстінс дауғері Ожеке төренің өзі болса оңай тие ме? Осыған араша болар жәнтексейдің исі Көкен мен Топан үркүнан бірде-біреуінің төбесі көрінсе нетер еді?!

Дәрменсіз жиынның жүргегін мұжып жатқан түйін осында. Тіс жармастан сыйздал отырған топтың ішінен ең әуслі тіл қатқан, скі көзін жұма сөйлейтін, ссік жактағы келтс танау біреу болды.

— Неге тоқтағаның білген жан бар ма скен осы? — деді ол өзіне төнгелі тұрған қауіпті мөлшерлегісі келіп. Осыны сезген сұлу мұрт, құйма тақиялы жымың етіп қойып:

— Көп емес, бір мың бес жұз өгіз, — дегендे жаңағы келте танау күрсініп қалды да, төрдегі құйғелек шыбар:

— Жауыр желкес қашанғы төзіп, қайсысына шыдар? Тәйір-ай, осы! — деп жуан қарнын зорға қозғап жүгініп алды.

— “Қокан мата — қозды қойдың” заманы емес еді ғой бұл өре койса тік тұратын қытай жібегі болса не керек. Орыс бөзінің осы құнға ие болғанын құлақ естіп, көз көрмеген екен, — деді тағы біреуі.

Осыдан кейін-ақ төрде отырғандардың бәрі қозғалақтап, теренде жатқан өкпе-наздың жисегін сстінесте бастиады.

— Әбілпейіз “Бала сатамын” деп қай алашқа қашан жар салып еді. “Көктен туған айым болсын” деп Көгедайды алып келген өзіміз ғой, бүгінгі күнде шекемізге біткен шор-шор алтын осы шығар. Оған несін кейістейміз.

— Құдайдан үш мүйіз сұраған керей жоқ еді. Бір мүйіздің регені де жетер еді-ау. Көгедайдың мойынына қосақ, көтінс тіркеу қылышып Жабағы мен Сәмсінді қай құдай берді осы бізге, — деп бағанағы божбан шыбар онан әрі қүйіп кетті.

— Тек, — деді сұлу мұрт, өзгелерді тағы да қыт-қыттап: — осы үшесуінің анасы Тұмар найманның Ақтайлақ биіне түсін жорытқанда “Көгедайың миуалы ағаштың басында отырса, бақ осыған үйірілер, Жабағың мен Сәменің ағаштың түбінде отырса — сонын саясында күн көрсіме скен” дегені бар емес пе? Сол Сәменнің нәсілі Ожеке төренің бүгінгі күнде күн көріп жатқан саясын несін қызғаныш етеміз?

— Саясында күн көргеннің көрсеткені мынау болса, құтпаннның гөй-гойі артында жатыр деші, — деді күміс шақ-шасын сартылдатып қағып жіберген үзын мойын.

— Ей, ағайын, — деді нығызыған ақтөбе тымақты, — қу қотырдың қышуы қаңку сөзben қанар болса, Көгедай заманынан бері қарай қасып келе жатқанымыз жоқ па? Қыр аспайтын желбуаз кенірдек неге керек?! Шыныменен-ақ белдескін келе мс өзі? Сонда сиғызып айттар дауын, жығып алар дәлелің бар ма? Бар десең, қамшынды кімге ұстатастың, кәне соны ақыллас. Болмаса, “шайнамап едім” деп жағынды, “жұтпап едім” деп өңешінді көлденсің тарта бермей, “Алдияр тақсыр! Қылша мойным — талша де” де төренің кенірдегін тығында.

— Ақсақал дұрыс айтады, — деді әлгі үзын мойын кеңірдегін созып-созып қойып, — скінің бірі: үндемедің — үйе берді, көне бердің көбейе берді, енді келіп көтере алмай отырған түріміз мынау. “Жағаласпайды екен, жапсыра берсем жараса береді скен” дейтін көрінеді. Бұл төремен қамшыны қолденен тастап сөйлессетін кез жетті. “Ел тауқыметін мен көтерсійін” дейтін азамат жоқ па жәнтекей әuletінде? Талайы бар. Бірақ, мынадан шошиды: “мандайымның төбелі осы” деп біреуді алдыға шығарасың, ертең оның аяғы тайып кетер күн болса, маңайынан біреуің табылмайсың. Осылан шыдаймысың, әлеумет, кісісін мен табайын.

— Кісісін мен табайын дегенмен, — деді кемиек сары, шайнай сөйлеп, — байқаса да болады. Несие десе, тегін бергендей көрестін қазақпыз фой, шынын айтқанда, сол боқтан осы отырғандарымыздың бәріміздің де қолымыз құр емес. Бөгелетін осындай жайымыз болған соң бөгеліп отырған шығармыз, шырақ!

— Міне, шашылған тарыдай бытырай жөнеліп, — деді әлгі үзын мойын, — өлстін жеріміз осы емес пе, ауыз жиып болғанша аяқтың астынан шыға кслмеді ме?

— Әй! — деп дүрсе қоя берді божбан шыбар жаңағы кемиек сарыға, — сен сияқты Ожекеге қыз беріп, көпіртіп қалың мал айдан алып отырған ешкім жоқ мұнда, төрснің тобын көбейткің келсе, шығып кет арадан!

— Әттең, өзімен ерін арқалап жүрген күні сөйлесер ме еді!

Осыдан кейін-ақ екіленген кеңірдектер сөз кезегін тоспай жыңғылдың жалыныңдай бірін-бірі үрлеп гулей бастады. Он жақтағы қайқыбас төсекте екі танауына екі жұдырық сиып кеткендей, дембеліше келген сар қызыл жас жігіт шалжиып жатқан болатын. Осы араға келгенде ол дереу басын көтеріп алды.

— Бәсе, бағанадан тосқаным осы тентек мінездеріңіз еді, айналайын нағашылар-ай! Сәндеріңіз енді келісті. Мына айғайларыңызға төресінен тартып төбетіне дейін құлдық ұрап-ау, — деп қайта қисая кестті.

— “Жисн ел болмайды”, жаман жәдік жанымай отыр, — деді сұлу мұрт, шымшитын бармақтың екеу болғанына куанғандай.

Әздерін “кен қолтық керейміз” деп атап алған Абақ өулсті Қалбада жатып кесілген аяғын өр Алтайдан бір-ак жиятын бір дәуренінде, еріккеннің срмегі үшін бс, әлдс заманның қажеті үшін бе? “Біз тұрғай шұмелседі көп шұршітің, ормандай көп орысың пір тұтқан Шыңғыстың нәсілі ғой” деп Әбілпейізден төрс қылмақшы болып бала сұрай барса, көп некенің біреуі Тұмар дейтін тоқалын үш ұлымсі бір-ак берсе салыпты. Осы үшесуінің үлкені Көгсайды Еженханга дейін сүйреп апарып көктас алып берген дс сол керей екен. Ал, қалған екі ұлы Жабағы мен Сәменді кен жарапан екі қолтығына қыса салып жүре беріпті. Қанша дегенмен тексті атанаң тұқымы, Сәмсінен туған Қожамжар жылы қолтықта қоланса иіске жата бергісі келмей, айдарлы тәбеле бір-ак сескіріп шыға кестіпти. Жанағы сұлу мұрт пен божбан шыбардың мензеп отырғаны осы аңыз болатын.

Жілік майы үзіліп көрмеген ақсүйектің томпайта жүрестің қыры да көп болмай ма. Осы Қожамжар “шақырып алған бұлтың мен боламын” деп, кейде тұнеріп, кейде күркіреп, жеті жебесінің жеті қырын кезек көрсетіп, осы отырғандарды ығыр қылып болған. Аруақ сыйлады ма, ақырғанынан именді ме, әйтеуір, Қожамжар деген есімін былш еткізіп айта салуды лайық көрмеген кауым оны “тентек төре” немесе “Ожекс” деп атап алған.

Осы Ожекс төрелігін, тентектігін, Ожекелігін, діндарлығын місс тұтпай, онын үстінс “пайғамбар ұнатқан кәсіп еді” деп саудагерлікті қосып алып, “тіріне боз, өліңе кебін тауып беріп отырған да мен” дейтінді шығарды.

Өз жерінде базары жоқ орыстың бозін ақ патшаның өз қолынан алғандай-ақ тоғанақтап әкеледі де тобымен үлестіре салады. Ожекенің несие дәптеріне тірі біреудің есімі түспейді, баяғыда өлген Сәменбеттің он бір ұлы, Шүйіншөлінің көп шөбересі... — ылғи осылар жазылады. Қарындашын шекесіне қыстырған ноғайдың не жазып, не қойып жатқанын көріп тұрған жәнтекей жоқ.

Сөйтіп, айдарлы-айдарлы рулардың есімі ғана жазылған Ожекенің несие дәптері айдан-ай, жылдағы-жыл аттап жалғасады да жатады. “Ойбай-ау, Дуанга өзім апарып өткізген жабагы жүн мен соғым терісін өлгі сар ноғайың ұмытып кеткен бс?” деп дау сабағысы келгендерге отірігі мен есімі қөлденең түседі дс, аузын аштырмайды. Ожекенің шот соғып тұрған

сар ногайы сексен төрт тасты олай бір аунатып, былай бір аунатыпты да: “жәнтекей баласының жылдар бойы жалғасып келе жаткан несиссі бір мың кой, бес жұз өгіз болды” деген қорытындыны бір-ак шығарыпты.

Ожекенің сарала қылышты шабармандары ала жаздай осы үшін тартыншак байлардың артына түсіп ығыр қылып болған. Дүмпуден қорыққан тоғышар жандар бүгін ылажсыздан бір жерге жиналышп отыр.

Мұны біреуден өндіріп бере ме, әлде өздері төлей ме, қазына қаспақ қатқан осы отырған көптің өздері шешуге тиісті. Атқа мініп тізгін ұстап жүргендердің бірде-біреуінің төбе көрсептейтін себебі де сонда. Егер олар бой көрсетсе болды, жауапкершілік солардың мойнына түседі де, шаңырақ басына шағуға тұра келеді. Ондай болғанда, ертең тұтінге түсестін қазан алманның қара шығыны бар, оған мынау келіп киліксе, би ұрандының бөтегесі құмқата болды деген сөз.

Алты қанат үлкен ак үйдегі мал біткеніне мәз мынау дәрменсіз топтың басына іс түскенде, кейде тұнжырап, кейде ісіп-кеуіп шығар жол таба алмай, жар сүзіп отырған жайы осы болатын.

— Айырылатын тамырдың қылышы фой мынау!  
— Аяққа отыртпай кітпесе болғаны!  
— Иә, бәсе, шыдамаса жарылып кетсін!

Танертеңнен бері ойға күпті жандар тұс әлетінде осылайша осқыра бастағанда, киіз үйдің есігі кең ашылып, алдыменен едәуір мелжемді бір мұрынның қарасы көрінді. Соңан соң түкті шүберектен түрме етек тікше бөрік киген, теріс қаусырынған ұзын шапаны бар, мойнына сақтаян сөмкे асқан бір адем кірді. Табалдырықтан екі аттап қаққан қазықтай тіп-тік тұра қалған етті-женсіз арық адамды бөркі мен шапаны онан әрі ұзын, онан әрі сып-сида қылып көрсетіп тұр. Кең — мол дүниенің шетінен пішіл алып добалап жасай салғандай дөп-дөңес ұқсаусыз имек мұрыны тоқпақтай мұртының үстінен мініп алыпты. Қырып алар қызылы жоқ күшүк шекеден ыра тәмсөн құлдилай жөнелген қалақшадай ұзын жағы бас-аяғын аямай тонап-келтелең кана қойған иектегі қоңырқай сақалға келіп бір-ак тоқтапты. Ол кіргенде төрдегі көзі биттеп қаусап отырған шалдан басқа жұрт жапа-тармағай орындарынан тұрды. Және қомақты қылып отырып, шарифатты сөлемдерін берісті.

Бірақ, бөгде мейман ешкімнің де сәлемін алмастан, биік қабағының астында жатқан шегір көзімен түрегеп тұрғандарды айнала бір шолып өтті. Соң соң жып-жылтыр калошын шешті де жұп-жұмсақ мәсісімен сып-сып басып, төрге ба-рып жүгініп отыра қалды.

Тосын өзгеріс. Үйдің іші тым-тырыс. Сәлден кейін сұлу мұрт “нағып отырсындар” дегендег қазан жақтағы жігітерге иек қакты. Ес-ақылын енді ғана жигандай болған азаматтар кошаметтің дастарканын жайып, тегене, тостағанын көтеріп әбігер күйге түсті.

Сыздаған ноғай, қабақ баққан казақ... Андықсан бейненің әлі де қалпы бұзылмай отыр еді. Бір кездे бөгде адам тостағаның шетін бір тістеді де қайтадан жерге қойып:

— Қош, брадарлар, — деді, — өзім келуге мәжбүр болдым. Мал таяр болғандұр, айдатып қайтатын шығармын!

Үн жок.

Сарноғайдың мұрты жыбырлап кетті:

— Эй, казақ, әй, казақ! Аларда “баракаллаға тілдерің бек жақсы келіп еді, енді берерде шеттеріңнен кача, сендерге біткен есіл иуз!”

— Тақсыр, байбатша, — деді бағанағы көзі биттеп отырған шал сәлден кейін. — Кейитін жөніңіз бар, сізді ренжітіп алғанына қысылыш отыр фой, мына халқыңыз, құтылудың қамын ақылласып жатыр. Азырак мұрдет беріп, дәт қылышыз!

Ғұбайдолланың мұрны ғана смес, енді үлкен мұрнының жұқа желбезегі де желбірлей бастады.

— Ай, ай, сахара жабайылары! Мешітке кіріп жұз мәрте қасам ішсендер де сендердің тәубаларыңа сенуге болмайды!

— Астапыралла, көкте Құдай әділ болса, бәрін бір шыбықпен айдамас, — деді кемиек сары. Ожеке үшін күнөлі қауымның ішінде өзі жок екенін анғартқысы келіп.

— Күнөларыңды күнде өлшеп, жазып-сызып отыратын кәраман, кәтиман мен смес, маған мәлім болғаны төрт аяктылар тобына жататындарың ғана. Мынау ақырғы пәрмән, осының ішінен екі адам қашан мал жиналып болғанша Ожекеннің қолында аманат болып тұрады. Магар, уақыт тағы созыла тұрған болса, ол адамдарының қайда баратынын тасауыр қылу қыын. Мен сендерге соны ашық айтып қоюға қақылымын; қазақтың иегінің астында алты ай малтайтын ақ патшаның адамы жок, — деп сарноғай үлкен дүмге бір-ак апарып тіреді.

— О, байпатша! — деді таңертеңнен бері қамшылаумен отырған сұлу мұрт өзгенің аузына аз да болса тағы да сөз салғысы келіп, — осының ішінде бас шайқап отырған ешкім жоқ екенін өзініз де біліп отырысyz, жан аларда әзірейіл де бірер себепті алдымен даярлайды екен. Мына жұрт қалай жығылып, қалай өлгенін біліп қалғысы келіп отыр.

Мына сөзді естігендे сарногай кенеттен күрен ногай болып өзгере қалды да, дірілдей жөнелді. Ол мойынындағы сөмкесін асығыс қолына алып, ішінен қатты мұқабалы қалың дәптерді жалма-жан сурып алып:

— Міне ендеше, әзірейілдің жан алатын дәптер! Әтірік екен дендерші кәне! Мата сатқан қашқардың есекті сартынан дәндеп алған жабайылар! — деп дәптерді сұлу мұрттың алдына тастай салды.

Үйдің іші жым-жырт. Сұлу мұрт айтарын айтса да өзіне бір жанды ілестіре алмағанына опық жеп, алқымына келген ашуды жұтқыншактан бері асырмай қайта жұтты да тығылышып отырып қалды. Бүгінгі топтың жастауы да, пысықшасы да осы еді. Бірақ оның қайрағанына өте қойған ешкім болмады. Осы әлсіздікті байқаған Fұбайдолла онан өрі қалышылдап:

— Ей, бәдәуилар, бәріннің айтарың осы ма? — деді.

Таңертеңнен бері төсекте шалжиып жатқан дембелше сары жігіт өзге елдің үркердей болғанымен жұмысы жоқ, сол шалжиған бойында жатқан болатын. Ол терісіне сыймай кеткендей ұшып тұрды да түкірігін шашыратып:

— Осы болса не істеуші едің? — деп мықынын таянып тұра қалды.

Отырғандар шатынап тұрған салпяуыз жәдікке жалт қарасты. Одан төрге қарап еді, жаңағы күрен ногай енді көгеріп барады екен. Ол ішкі омырау қалтасынан қол дорбаға салынған бірденені алып шықты. Аузын асығыс ашты да, дорбаны жоғары көтеріп ұстады, соナン соң:

— Керей, тұқымынды маржан шашып құртамың, — деді де қалтанаң түбінен ұстап тұрып, құлаштай сілкіп қалды. Бүршақтан аз кішірек көк маржан төрден есікке дейін суси жөнелгенде абыржыған жұрттың көзі бақшиып кетті. Алақұйын Fұбайдолла ашуын бір басып алғандай енді ызбарлана сөйледі:

— Ей, жабайылар, сендерге осы керек! Жаңағы төғілген маржанға он екі керей түгел жиналсаң құның жете ме? Сендер

тонаушысындар! Сендер енді маған тұқымының тұқымына дейін қарыздарсындар. Ертең ақ патшаға арыз осылай жазылады. Ол ұлы мәртебелі тақсыр өз боданының мұддесін қай мәкәнда болса да қорғайды, — деді.

Үйдегілер үстеріне аспан құлағандай екпеттей қалып, шашылған маржанды тере бастады. Әр-әр жерден аянышты, жалынышты үндер шығады.

— Сап-сап, ашуынды тый, байеке!

— Дәт тақсыр, дәт!

— Маржан осы үйден ешқайда шығып кеткен жок. Қазір ақ түгелімен дорбаңызға түседі!

— Кемшілік бізден, кешпек сізден, құлдығымыз бар, ақ патшаның қаһарына тап қыла көрме!

Сарногай жалынышты үн шыққан сайын шалқақтап, орнынан тұрмақшы болып еді, бағанағы сазарып тұрған қазанбас жәдік оны иығынан баса қалды. Ноғай бұлқынып көріп еді, салпыауыз сары сол қолымен жағасынан қысып тұрып, он қолымен сөмкесін жұлып алды. Сөйтті де, еңбектегендерді баса көктеп есікten ыти жөнелді.

Ғұбайдолла оқ тигендей сылқ ете түсті.

Сол-ақ екен үй-іші аласапыран болды да қалды.

— Ойбай-ай! Құрыдық-ау, ойбай!

— Құртты-ау, ку жәдік! Тұбімізге жетті-ау, ойбай!

— Аттанындар! Құтқармандар құнгерді! — десіп үй толы жаннын бірсыптырасы жапырылып далаға шықты. Бірнешеуі шала өлген сарногайдың әуресімен үйде қалды.

Далаға жүгіре шыққандар жаңағы салыпауыз сарының, байдың жаратып отырған құласымен қапталдата тартып бара жатқанын бір-ақ көрді. Он шақты жігіт сойыл-шоқпар дайындалап, тандап ат мініп болғанша қашқын көз көрім жерге кетті. Жау іші жалам, куғыншылар да оның артынан қиқу салып, аттарын төпеп қоя берді.

\* \* \*

Тайлақ түйедей шалқұйрық, жалдас қарақасқа аттың үстінде енгезердей біреу анқасы кен бір саймен өрлеп келеді. Үзенгісі аттың тізесімен жағаласып келе жатқанына қарағанда, өзіне лайық жылқы тауып міне алмаған мұсәпір екен дегендейсін. Басында жаба салма далбай, көк күпісінің етегін шүкірге бояған саржарғақ шалбарының ішіне бөксере тығып-

ты да, кісепі жалпақ күміс белбеуін ту сыртынан буып алыпты. Омырауы нейбестке ашық. Баулықтап таққан жұмыртқадай шарбақ түймелер өз алдына салбырап тұр. Ксудесінің түгі бітік сақалымен тұтасып алған. Аса мол ат жақты жүзіне біткен кесек мұрыны бір айбынның айғағындай оқшау тұр. Тұксиген биік қабактың арасындағы кобылардың қатпары тұғыр шенгелдеген қыран құстың тұяғына ұксайды. Бауын желкеден іліп алдына асқан қорамсақ, мінер жақ тақымға қысқан қаратамақ найзамен қақтығыспай көлбенжіреп белек тұр. Сол қолдың қарына ілген қазанның қақпағындай қалқан құнгә шағылысып жалт-жұлт етеді. Мінер жақтағы келте қылыштың бауы, арқадағы садақтың адырнасы... осының бөрі жалаңаш кеудеге батыра сызған айқыш-ұйқыш сзықтай көрінеді. Ердің артына жай бөктөріншек бөктеріпті де алдына кіреуекін байлапты. Қара қасқа ат шалып оттап, жай аяңдан келеді. Устіндегі тұлғасы кесек өзгеше пендे тізгінді бос үстап, таутекснің мүйізіне саптаған ссіз таспа бұзау тісті қамшысын бұлдіргесінен қолына іліп алған бойы әлдеқандай қиялдың сонында салбырап бара жатыр. Бір кезде ат алдыңғы жағына қарап құлағын тіге қалды. Көбеш те тізгінін ірке тартып, қамшысын қысып үстады да алақандай көзімен ат құлақ тіккен жаққа қарай сұстана карады. Көз ұшындағы тіремеден салт атты біреу құлап келеді скен. Көбеш асықпай түймелерін бекітіп, далбайының бауын мықтап байлады да, найзасын қолына алды. Сонсоң ширақы аяңмен алған бетінс тұра тартты. Қарсысындағы адам таяй бергенде кара қасқа ат дағдысы бойынша жолдың өр жағына шығып, екі жағына кезек қырындан тұра қалды. Терге малшынған жайдак атты адам жақын келгенде Көбешті тани қойып, атынан қарғып түсті, сонсоң сәлем берді де қол қусырып тағзым етті.

— Жауға жауырыныңды беріп келе жатқан жоқсың ба, ынжық! Иліп тастайын ба, осы! — деді Көбеш, күрілдеген коңыр үнмен.

— Батыр, қуып келе жатқан жауымның кім екенін көрерсіз қазір, ноғайға құрбандыққа бергенше, өз қолынмен бауыздай сал, қаным адал кстсін.

— Қазаннан ноғай ауып келіп пе, қай дүрбесең бұл?

— Батыр, жәнтескейдің жанын алқымына әкелуге жалғыз ноғай да жетеді екен, сгрек ексу болса, ендігі ауылыныздың тарпы қалмайтын сді.

— Е, білдім, — деді Көбеш, жас жігіт алдында сәл қысы-  
лғандай болып, — дәуде болса Қожамжардың асыранды са-  
рысы шығар?

— Дәл

— Сен тұра қашатындағы не қылды ол?

— “Керсій, тұқымынды маржан шашып құртамын” деп бір  
уыс моншағын шашып жіберіп еді, еліңіздің игі жақсылары  
екпеттеп соны теріп жатыр, менің шамам ногайдың сөмкесін  
тартып алып, тұра қашқанға ғана келді. Мені ажалының қара-  
лағы қылышп ногайға үстап беру үшін күшп келе жатқандар  
да өз бауырларыныз.

Көбештің өні қуқылдай қалды.

— Сен мұны қайда апармақсын?

— Дәл сізге.

— Қайдан таппақ едің?

— Марғай асып кетсеңіз де таппақшы едім.

— Әй, сен кімсің өзің? — деді Көбеш, бетіне лезімге қан  
жүгіре қалып.

— Атам — жәдік, атым — Далай, сіздің ауылға жиен  
болам.

— Е, жәдік те үлға жариын деген бе, қалай, — деді дс,  
найзасының үшімен “атыңа мін” дегендей ишарат қылды.  
Сонсоң қара қасқа атты шоқырақтата жөнелді.

Аздан соң тіремедегі ашкезеннің үстіне елеуреген атты-  
лар шыға-шыға келді. Көбеш көлденең келіп тұра қалып, са-  
дағын мойынан жұлып алды да, шірене толғап тартып қал-  
ды. Зулай жөнелген сұр жебе кезеңдегілердің үстінен ысқы-  
рып өте шығып, төбе қүйқаларын шымыр еткізді. Сонан соң  
Көбеш бар дауысымен үзенгінің үстінде тұрып:

— Қозғалмандар! — деп айғайлағанда аспан гүр ете  
түскендей болды да төбедегілер үйліға қалды, Көбеш шау-  
ып жандарына жетіп келіп:

— Өңшең жетесіз мұндарлар! Сендерді туғанда шешелерің  
жеген кайран қалжа, — деп ақырып жіберді. Құғыншылар  
мысықтай жымып, аттарынан тұсті. Көбеш те атынан түсіп,  
барлық сайманын сыптырып тастап, дәрет сындырды. Қайта  
келіп, жаяулардың біріне ердің алдыңғы жағын нұсқады. Ол  
қанжығадағы сауытты шешіп алды да әзер көтеріп алдына  
әкелді. Алды бітеу, тар көзді кіреуkenі етегінен киіп еді, жені  
шынтақтан келді де, етегі қуыктың басына дейін барды. Ду-

лығасы бөлек екен, далбайдың үстінен баса кигенде арты желкені, алды шұрқылтайды дәп-дәл басты. Соң соң жаяулардың қолындағы қаруларын бәз-баяғысынша асып алып, лып етіп атқа қонды.

Жәнтекейдін базарқұл руынан шыққан, төрт мүшсілді атап болған осы Көбеш, керейдің ел амандайтын әйгілі батыры. Алтайдың ең биік қорымды құздарының тамағына таяп барып жайлайтын керей, жайлаудан қайтарда басы артық жылқыны қар қалындағанша деп ұлы тауларға тастанап кетеді. Қар жауып, асулар бекігенше азұлы батырлар атпал азаматтармен бірге осы жылқының ішінде болуы керек. Әйтпесс андып отырған арғы бестің дөрбіттері елсеген қағып айдай жөнеледі. Көбештің жылдағы әдеті бойынша осы міндептің өтеп келе жатқан беті болатын. Бес қаруын түгел асып жүргсін себебі де осыдан.

Көбеш Қожамжар сырын ішегінің қырындысына дейін біледі. Оның өзгені құлым деп есептейтін төресіген кеудесіне көптен тісі қайраулы болатын. Мынау сарноғайын айтақтастып салып отырған менменсіген қылышы ішіне тіпті сыймай кетті. Қазір не істейтінін ойлап та үлгерді. Сөйтіп, атына қонған Көбеш қасында тұрғандарға:

— Жүріндер — деп әмір етті де, қара қасқа аттың басын ірікпей қоя берді.

Келсе, ауыл әбігер. Тоғышар байлардың ұнжырғасы түсіп біткен. Ақ отаудың керегесі жайылып, ақсарбастың терісін сиптирылып болыпты. Сөйтсе, Ғұбайдолланы анау ақсарбастың өкпесімен қағып, мынау ақ отауға енгізбекші екен. Көбешті көрген ел, не істерін білмей орын-орындарында қатты да қалды. Өйткені, Көбештің түгі сыртына шығып, өні жалғанды жалмап жіберетіндей тым сұрланып алыпты. Ол атынан қарғып түсіп, үйдің киіз есігін наизасының ұшымен шалқасынан түріп тастанды да, ентігіп ішке кірді. Бағанағы кемиеқ сары мамық жастықта шалқасынан жатқан Ғұбайдолланың аузына қалақтап су тамызып отыр екен, Көбеш алдымен соған тиісті, оны желкесінен қысып, тікесінен тік түрғызыды.

— Біткен тегін, шыққан тесігін ұмытқан Қожамжардың құлы, қазір сиынған әулиеңмен қосып, қара жерге шегедей қағамын, — деп ақырып қалғанда, тілсіз жатқан Ғұбайдолла атлас көрпені бетіне қарай тарта берді. Көбеш көрпені

найзамен түйреп лақтырып жібергенде қатты қымсынған байбатшаның шегір көзі жапалақтың көзіндей ашылып жұмылып кетті. Найзаны от басына кірш еткізіп қадай салған Көбештің қолы енді қылыштың сабына барды. Дірілдеп тұрған келтелеу болат қылыш қынабынан сылдырап шыға келді де, Фұбайдолланың қеудесінде бір ойнап барып, тына қалды.

— Ей, айлалы байбатша, сен қазір жабайылардың арасындастың. Ақ патшаңмен енді кезігуін екіталай. Айтатын сәлемінді дайында бер, өз аузыммен жеткіземін, — деді де үйден шықты. Фұбайдолланы үйде жалғыз қалдырды да, есікті Далайға күзеттіріп қойды.

Көбеш соң бағанағы құғыншыларға бірден күрек алдырды да, сырмак бойында жерді қылышының ұшымен сызып:

— Фұбайдолланың көрі дәл осы жерден қазылады. Сүт пісірімде дайын болсын! — деді. Өзі біреу әкелгсін үлкен шара қымызды салқ еткізіп тастай салды да, сол жерге жамбастап жатып алды.

Жаңағы маржан теруші қиялға құпті жандар, қысқа ғана уақыттың ішінде көз алдарынан өткен екі түрлі құбылыстың салмағын өлшей алмай мұсөріп қияпатта тұр. Бұлар малшыларының, малайларының басқа да жарлы-жакпайлардың алдында өте ажарлы еді, енді болса сол жарлылардан да жасқаншақ халде. Анау түйе қайырып келген шал Көбешке “сен” деп амандастып, жанына барып отырып алды. Жаңағы қымыз әкеліп берген де сол Ол бағана мыналар екпеттеп маржан теріп жатқанда ернін шығарып кеткен. Шыныменен сол құрлы болмағаны ма? Оған кейістеуден не өнеді? Сөйтіп, бұлар “барайық, қанша дегенмен шын иеміз осы ғой, жаттың үстінен шағынайық, тіпті мойнымыздағы қыл тұзақты қып жібермесіне кім кепіл” деп өзара күбірлесіп алып, кібіртікей басып Көбештің қасына келісті. Айтты-айтпады бұлар “корлығы өтті” деп шағынды.

Бірақ, бұлар не себепті корлық тартатындығының анық себебін түсінген жоқ. Тек Көбештің салауаты алдында бағанағыдан басқаша бір тіршілікте тұрғанын ғана сезді. Осы кезде Фұбайдолла есік алдында тұрған Далайға:

— Иә, батыр маған не іstemекші? — деп ішкі жақта ақырын ғана сыйырлады. Далай:

— Батыр сізді тірідей көму үшін көрінізді қаздырып жа-  
тыр. Сенбесеніз көрініз, — деп есікті түріп ашып тастады. Ғұбайдолла бұркылдан жатқан топырақты көріп:

— Сұбыхан алла, сұбыхан алла! Қарауға шыдамаймын,  
жабыңыз есігінізді, жабыңыз, — деп ары қарап кетті. Далай:

— Шыдасаңыз да, шыдамасаңыз да, бір шәй қайнатым-  
нан кейін, “сахара жабайылары” сізді өз қолдарымен көме  
бастағанын көресіз, бірнеше күрек топырақ үстіңізді басқан-  
нан кейін аржағында не болғанын үқпай қаласыз. Еншалла  
сөйтіп, несие жио азабынан біржолата құтыласыз, бұл өте  
жақсы емес пе? Батыр соны ойлап жатыр, — деді де есікті  
түсіріп жіберді.

Ғұбайдолланың басынан осыдан кейін қандай киялдар  
кешті, ол әзірге бізге мәлім емес. Ал, Далай болса күллі қиянат  
иесінің әрі жігерлі, әрі табансыз болатының, олардың басын-  
да астамшылық пен үрейдің өте тез орын ауыстыратынын  
жақсы сезді. Кіци бойы ұра дайын болды. Ғұбайдолла оның  
жанына келтірілді. Көбеш қылышымен нұсқап: — Өз  
еркінмен тұс, мынаның ішіне! — деп ақырды.

Ғұбайдолла биік бойын еңкейтіп, жіп-жінішке  
саусақтарымен сақалын сипап тұрып:

— Иә, батыр, мені мына зынданға ташылағанша жаным-  
ның һаққы үшін бірер қызмет істеттіріп алуыныңға болмас  
па екен! — деді.

— Сен өз жерінде не істейтін адам едің? — деді Көбеш.

— Мен Зайсан көпесі Сағдолла Мырзабаевтың ваклатан<sup>1</sup>  
сауда жүргізушісі едім.

— Сен бұрын қазақ сахаrasында болғанбысың?

— Зайсан қазақтары арасында жылдар бойы сауда жүргізіп  
келгенмін. Қазақ жұртының барлық жайын жетік білетіндігім  
үшін Қожамжар төрем көпестен әдейі қалап алған.

— Керейдің тұқымын маржан шашып құртууды саған кім  
үрретті?

— Бұл Қожамжар төремнің ілтипаты еді.

— Ей, Ғұбайдолла, біздің ауылымызда сендердің алашақ-  
тарың жоқ шығар.

— Солай, тақсыр! Біз әр реткі таратқан несиеміздің қиса-  
бын өз уағында жауып отырдық. Хұсұсан өткен жылғы һүтта

\* Ваклатан — сол кісінің атынан деген үғымды білдіреді (өкілі).

таратылған несиеміздің қисабын өткен қыстың соғым терісі уә биылғы жабағы жүн арқылы пайдасымен жапқан болатынбыз.

— Ал, мынау шы?

— Бұл төрем уә мен екеуміздің бірліктे құрган мәслихатымыздың нәтижесі.

Көбештің қанжары сыр етіп қынабына қайта кірді.

— Сендейлерді қазақ “ала аяқ” деп атайды, — деді. Ол сонан соң: — Мынау сен үшін даярланған зындан еді. Бірақ, сен зынданға түсден бұрын жүрегінді жарып қолыма бердің. Осыныңа болағана саған қазір жоғарғы айтқандарыңың барлығын өзің “шашқан маржандай” етіп тізіп тілхат жазуыңа мүддет беремін.

— Құп, тақсыр! — деген Ғұбайдолла тізесіне қойып жаып болған қағазын тағызым етіп Көбешке ұсынды. Көбеш оны Мөмин хазіреттен сұрғып шыққан Қазыбай моллаға оқытып, тындағы да:

— Сен орыс патшалығының адамысың. Солай ма?

— Солай.

— Ендеше сен шақырылмаған меймансың. Бізге сені қойып, сенің патшаңың әмірі де жүрмейді. Біз мына қағазды Еженханның Алтай жұмысын басқарып тұрған өкіліне жолдаймыз. Ол саған қандай жаза колданатынын өзі біледі. Оған дейін Алтайдан шығып ешқайда бармайсың. Әзірше жарты азатсың, Анау ұялас төреңе айта бар: “Мен төренің көзіне шыққан қара сүйслімін, бәрін мен қылдым. Артын ашық ұстаса, Керейдің төл таңбасы төренің жамбасына басылады” деп айтты де, — деді.

Көбеш сонан соң Далайға қарап:

— Андағы сөмкені ішіндеңгісімен қосып, ана жер ошаққа сал деп бүйірдь.

Сақтиян сөмкө жер ошақтағы қызған шокқа бырысып, коңырса бастағанда бағанағы түйеші шал сақылдап күліп алғып, насыбайын құшырлана тартып жіберді. Маржан терушілөр бір күрсініп алғып жымысты.

Көбеш алақандай көзімен келген ізімен тұра қайтып бара жатқан тікше бөрікті, сөмкесіз адамның жауырынына қарасы үзілгенше қарап отырды.

## ТӨРТ ЖАМБЫ

“Керей кенесі” деп аталатын осы кенес сонау Көгедай заманынан тартып, бертінге дейін тере ордасының төнірегінде өтеді екен де, сұламаға кеткен ұзын-сонар дауға жасалатын билердің кесімі сонда жарияланып, сонда біттім-тындым болып жатады скен. Енді мына заманда Шыңсай төнірегіне ауа төңкеріліп, Сарсұмбенің іргесінде болатынды тапты. Бұл да тарихтың қылтқымалы қыз мінездің туса керек.

Абақ керейдің туын көтергсін Жәнібек жұнғарлардың жсцілісінен кейін алты алаштың бесеуінен іргесін бөліп, қарастыларын Алтай өніріне қарай бастапты. Осының аяғы Керей төресі Көгедайдың Шяңлуң ханға қол беріп қөктас алуымен тыныпты. Көгедайдың “алдиярына” разы болған хан, оның қолына “Алтай ерекше район болады, сырынды мен білемін, ол үшін маған хан салығын төлесің де, ішкі жағынды өзің басқарасың” деп табақтай таңбасын басып қағаз беріпти.

“Сары нокта” деп аталатын осы хан салығын Бейжиңнің Тарбағатайдағы іс басқару орны мен Қобдадағы іс басқару орнының біріне төлей салатын Керей баласы ілуде бір едіре耶 қалатын дөрбіттің құқайы мен ағайынның өкпе-назы болмаса, осыдан бастап ғасырға таяу дәуренді майрағайда-тайрағаймен өткізіпти. Содан аумалы-төкпелі заманнан кейін ғана хан Алтайда іс басқаратын орын құрып, арнаулы шыңсай жіберетін болыпты.

ХХ ғасырдың дидарын енді ғана көре бастағанда жүргізіліп отырған бүгінгі кеңеске Алтайдың төрт би, төресінен тартып бишікештеріне дейін түгел қатынасып жатыр.

Үластының құйғанынан төмен қарай, Қыран бойына жағалай тігілген қалың үйдегі қазылы билер дәл бүгін қай терінің пүшпағын уақалайтынын кеше белгілеп қойған тәрізді. Ырғала басып Женісхан гүңнің ордасына қарай беттеді.

Биылғы қазан жауын-шашынсыз жақсы өтіп келеді. Жауырын ортасынан құлап түсіп құндызыдаққа барып тірелетін

арудың бұрымындағы Қыранның көк бүйра орманы ішінара құбақандағаны болмаса, әлі де өңін бере қоймаған. Мұрынға ойдағы ерменнің иімен қосылып, алыс адырлардағы изен-жусанның да иісі келеді. Батыста — жартасты қара сенгір итейіп тұр да, шығыста — кейін “жанжұн қызыл” атанып кеткен Теміртінің қоян жон бір биігі жамбастай жатыр. Сол “жанжұн қызылды” бауырлап ағатын күре бұлақтың оң жағындағы тақыр төбенің үстінде тозығы жеткен ағаш бұтхана тұр. “Қызыл аяқ” қырғынанан кейін Алтайды үршықша иірген қалмақтың Шаған кегені осы бұтхананы өз қолымен салдырған болатын.

Қылышынан қан тамған сол Шаған кеген көп күнәсі үшін құдайынан бір сауап тілегендіктен бе, әлде айбарына айдын қосып жер тәңірісі болғысы келгендейді. Әйттеір түсінде көргенін ойында орындағысы келіп:

— Қыран бойынан күре орнатамын, Алтайдың ен қаралайы керек. Керей билері айналама жинала қалсын да, кездейсоқ ұшығындағы сыбағасын бөлісіп алсын, — деп жарлық шашыпты.

Дәл осы кездегі бір аңызды керей қариялары күні бүгінге дейін ауыздарынан тастамайды.

Көбеш бастаған жәнтескейдің бір шоғыры осыған келе жатқан жолында Әбитанның жазығынан айнадай жарқыраған бір сөулені көреді. Таңырқаған жұрт таяй бергенде алда келе жатқан алпамсадай Көбештің ұзын қара көк аты осқырып тұра қалады. Қараса екі басты жылан екі жаққа тартып, аунақшып жатыр екен. Сонда Көбеш біраз тұнжырап тұрып:

— Кием болсаң жарылқарсың да, кесірім болсаң қанға боярсың — деп, қылышын суырып алады да жылананды ортасынан шауып жібереді. Бір дененің екі басы екі бағытқа қайқая тартып, өрі-беріден соң біріне-бірі қайта ойысып барып, жарқыраған бойы жатып қалады. Аңтарылған жұрт:

— Нениң нышаны болғай?!

— Несі болса да тегін кезіккені жоқ кой!

— Жақсылығына баққай-ақ!

— Тасаттық керек болар-ақ! — деп болғанша, үйқысъан оянғандай салбыраған басын тік көтеріп алған Көбеш:

— Сөүле болып көрінгенін жақсылыққа жорысақ та, жылан кезіккенін кейістің белгісі деуге болар. Кейінгі бірнеше үрпактың заманасы шалғай келіп, қайран Алтай аттағанын-

да тозар ма екен. Жәнібектің артынан ілескен алты арыстың бірі қайран керей екіге бөлініп өксірме екен! Бірақ, қайта ойыстығой, арты қайырлы болар. Соңғы үрпақ құдай бағыңды шын алмаса, киелі аруақ Жәнекем іздеген жұмақты осы топырақтан тұбінде бір табарсың-ау, — деп жыланның екі басын қылышымен іліп алып, жолдың екі жағына лақтырып жібереді де, топты бастап созап тартып аяндай жөнеледі.

Шаған кеген ақырса айналасынан табыла қалатын би-төрелер осы шақыртудан бастап, құрдай жорғалап жүріп, оның бұтханасын сары сырмен сырлаттырып отырып салдырып берген.

Шаған кегеннің сөйткен бұтханасы енді міне, барлық сөнінен айырылып, қаңыраған қалпы жалп еткелі қынырайып тұр. “Күре бұлак” деген атынан басқа ештемесі қалмағандай.

Шығыс-терістіктең сарқобыға асатын қойнауда қаз қарауытып шыңсай жамбылы жатыр. Бүгінгі Чи фамилиялы шыңсайдың дүбіріне Алтай қазағы сол дәуірінде қофадай жапырылуын жапырылған. “Еженханның өзі тағайындаған үлкен ұлық Сауырға таяп қалыпты” деген дақпырт би-төрелердің қопағын жарылуға таяған шиқандай асқындырып жіберген.

Өзгелермен тең болу дегенді жұздеген жылдар бойы ұмытып кетіп “алдияр тақсырға” өдettеніп алған қазактың соңғы билерінен ел қамы үшін балағынан бит теретіндерді, көкірегіндегі санасымен төске шабатындарды кім көре алды дейсіз. Бәрі де он бетіне тиген шапалаққа сол бетін қосып беретіндер. “Бар” дегеннің өздері де ұзағанда жылауды біліп, уанудың жолын таба алмайтындар болатын. Осы бағыныштылық керейдің атқа мінерлерін Мұқыртайдың жазығына бір иіріп әкелген. Үй тігіп, бие байлап, сойыс даярлап шыңсайды қарсы ала шыққан топ, осы Мұқыртай жазығында сарылып жатқанына бүгін үш күн болды. Шілденің ми қайнаған ыстығы мен сорылдап тұрған сонасына жіпсіз байланып шыдап-ақ бақты. Алдыңғы күні қосар атпен шаптырып жіберген екі азамат тұс әлетінде аттарын қара сорпа қылып “келіп қалдылап” қайта шауып жетті. Бас-аяқ жиналып болғанша, қасымқамырдан құлап түскен каранордың шаңы да көрінді. Сейтіп, қаранорға қарсы үлкен шоғыр болып билер тобы да қозғалды. Екі топ бір-біріне жақындалап келгенде билер аттарын шабармандарына тастап, ілгері барып тізіліп тұрыс-